

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Стратегия Орталық Азияның 5 мемлекеттері арасындағы адам құқығы диалогына септігін тигізе алады. Одан кейін Еуропалық Одақтың өкілдері Орталық Азиядан Еуропаға энергия көздерін экспорттаудың болашақтағы жолдарын іздестіру барысында бірлескен жұмысты одан әрі жүзеге асыруға кірісті. Осыған байланысты, «Баку үндестігі» деп аталатын құжатты іске асыру барысында Каспий және Қара теңіз өңірлері елдерінің энергетикасы бойынша, бірінші министрлер бас қосты. [Құнхожаев Н.Р. Еуропа Одағының әлеуметтік саясаты.// "Қазіргі Қазақстанның экономикасы". -Алматы., 2004 ж.] 2009 жылдың қыркүйек айында Душанбіде ЕО пен Тәжікстан арасында адам құқығы жайындағы екінші диалог болып өтті. Онда адам құқығын қорғау принциптары, адам құқығын сақтау және адамқұқығы бұзылуы сияқты мәселелерді қарастырады. Сондай-ақ бұл стратегия Еуроодақты Орталық Азияның және оның басқа да серіктестіктерімен бір ғана сыртқы ынтымақтастық әріптесі ретінде қарастырмайды. Ол осы аймақтағы басқа да Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Ұжымдық Қауіпсіздік Келіссөздер Ұйымын (ҰҚКҰ) және Ортаазия экономикалық бірлестік сияқты әрекет етуші халықаралық ұйымдарды диалогқа шақырады. Және де БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО, Халықаралық Қаржы Институттарымен ынтымақтастықты атауға болады. Қазіргі таңда Еуроодақ пен Орталық Азия елдері арасындағы кең көлемдегі саяси диалог тәжірибемен ұштасып отыр. Сондықтан да саяси диалог пен жобалық істер алдағы уақытта да жоғары деңгейде бірін-бірі толықтыра береді деп ойлаймыз. [Ким Гоулд <http://www.geopolitica.ru/Articles/1244> / 2001-05-27 Заместитель Главы Миссии Великобритании и северной Ирландии в Республике Таджикистан]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Еуропалық Одақ және Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығы <http://e-history.kz/kz/contents/view/2399>
2. Ким Гоулд <http://www.geopolitica.ru/Articles/1244> / 2001-05-27 Заместитель Главы Миссии Великобритании и северной Ирландии в Республике Таджикистан
3. Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы Саяси Стратегиясы 2007-2013. www.minplan.kz
4. Құнхожаев Н.Р. Еуропа Одағының әлеуметтік саясаты.// "Қазіргі Қазақстанның экономикасы". -Алматы., 2004 ж.
5. <http://www.primeminister.kz/news/show/67/v-2015-godu-budet-zapuschena-vtoraja-faza-proekta-verhovenstva-prava-«evropejskij-sojuz-tsentralnaja-azija»-zhan-lui-lavroff-14>

ОӘҚ 327.325.6.00.56.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ РОЛІ

Батишева Болган Мауленовна

batisheva_bm@enu.kz

Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар факультеті,
Халықаралық қатынастар мамандығының 2-ші курс магистранты

Турханова Айгерим Жолтаевна

Халықаралық қатынастар кафедрасының доценті
Ғылыми жетекші – Медеубаева Жанар Муратбековна

Орталық Азия аймағында елдер мен олардың көршілеріне жан-жақты бағытта жүргізетін Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құруға түрткі болған негізгі себептеріне тоқтала кететін болсақ: Біріншіден, аймақтың бүгінгі кезеңдегі нақты тіршілігі мен геосаяси

және геоэкономикалық жағдайы. Орталық Азия ашық теңізге тікелей шыға алатындай мүмкіндігі болмаса да өзінің геоэкономикалық және геосаяси маңызының арқасында Каспийдегі, Закавказдегі жағдайлардың дамуына, әсіресе энергетикалық ресурстар тұрғысынан ықпал етті. Еуразия аймағы мен оның көршілері ғаламдық және аймақтық державалар мүдделерінің қақтығысына айналған аумақ болып табылады[1,37-38]

Екіншіден, аймақтың өз ішінде де жалпы қауіптер бар. Оған төрт факторды бөліп айтуға болады; бірінші фактор- АҚШ-тың саяси қолдауының және кейбір араб елдерінің қаржылық көмегінің арқасында Ауғанстанның көп бөлігін басып алған Талибан секілді экстремистік ислам бағыттарының пайда болуы. Олардың исламды өздерінше түсіндіруі Орталық Азия мемлекеттері мен олардың көршілерінің, тіптен мұсылмандар тұратын Қытайдың кейбір батыс аймақтарының да тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қатер төндіріп тұрғаны белгілі; екінші фактор- Ауғанстанда есірткі заттарын жаппай шығару мен контрабандалық таратудың белең алғанын, қазіргі уақытта бұл жөнінен аталмыш елдің әлемде бірінші орын алып отырғандығын айтуға болыды. Ол ел аймақтарының әлеуметтік-имангершілік келбетіне нұқсан келтіргеніне қарамастан, бұл елдерді есірткі тасымалының транзиттік бағытына айналдырып жіберіп отыр[2]; үшінші фактор- терроризм-ол аймақтық қауіптер мәселесі. Бұл жиркенішті феноменнің пайда болу себептерінің үш негізін атап өтуге болады; 1. Істің жай-жапсарынан хабарсыздық; 2. Кедейшілік пен әділетсіздік; 3. Саяси арандатушылық; ал төртінші фактор-аймақта орын алып отырған кедейшілік пен экономикалық және әлеуметтік теңсіздік. Тоқталып айтатын болсақ біріншіден; аймақтағы көнеден өмір сүріп келе жатқан мәдениеті мен тарихи мүмкіндіктері бар халықтардың қоғамда өмір сүруге құқығы бар; екіншіден кедейшілік пен теңсіздіктің өзін-өзі көп жағдайларда экстремистік топтардың пайда болуына әкеліп соқтырды да, оларды әділеттілік үшін күрес қозғалыстарына айналдырып жіберді, ал бұл топтарды арнайы күштер пайдаланып, этникалық, діни сезімдерді оятудың құралы етіп алуы мүмкін. [3,161-162]

Үшіншіден, халықаралық тұрғыдан қауіп-қатерлер, яғни ұйым қызметіне назар аударып отырған басқа да мемлекеттердің мүддесі өз әсерін тигізіп отыр. Өйткені Орталық Азия табиғи ресурстарға бай аймақ. Соның ішінде Қазақстанда мұнай, газ, Қырғызстанда металл өндіру, Түркіменстанда стронций түзелетін целистин рудалары, ал Өзбекстанда ақ алтын (мақта) және сары алтынның (алтын) ірі тасымалдаушысы. Сондықтан да Орталық Азия бүгінде әлемнің басқа елдерінің назарын өзіне аударып отыр.[4]

Шекара мәселесін Азия елдерінде тұрақты шешуде Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) маңызды рөл атқарады. Шанхай ынтымақтастық ұйымының негізі 1992 жылғы 8 қыркүйектегі Минск қаласындағы Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның сыртқы істер министрлері орынбасарларының кездесуінде қаланды. Осы күрделі мәселелерді жүзеге асырудың өзіне төрт жыл кетті. Біріккен қызметтің қорытындысы 1996 жылы 26 сәуірде Шанхай қаласында өткен Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Қытай мемлекет басшыларының бірінші кездесуі болды.

Оның нәтижесі «Шекара аумағында әскери саладағы сенімділік шараларын нығайту туралы Келісімге» қол қойылуы болды. Әлемдік саяси аренада алғашқыда «Шанхай бестігі» атауын алған жаңа ұйым пайда болды.

Келесі жылы, 1997 жылы 24 сәуірде Мәскеу қаласындағы бестіктің екінші саммитінде, тараптар «Шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы Келісімге» қол қойды. Екі кездесу барысы Азия құрлығындағы даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік туғызады. Жыл өте ұйым қызметінің негізгі бағыттары экономикалық, қауіпсіздік және т.б. ынтымақтастық салаларға жылжуы байқалды. 1998 жылы 3 шілдеде Алматы қаласында «бестіктің» үшінші саммиті ұйымның келешекте тұрақты сипат алғандығын көрсетті. «Шанхай бестігі» талқыланатын мәселелер шеңберін аймақтық қауіпсіздік және сауда экономикалық ынтымақтастық бағытында кеңейте түсті. Декларация басшылары бес мемлекеттің өзара іс-қимылы, әскери-саяси және шекара мәселелерімен шектелмеуі тиіс деген пікір білдірді. Өйткені қауіпсіздік пен ынтымақтастық проблемалары бойынша тұрақты механизмді қалыптастыру қажет екендігі білінді. Сондай-ақ

аймақтағы нақты болмыстарды негізге ала отырып, қауіпсіздік мәселесі бойынша екі жақты және көп жақты консультацияларды белсенді түрде жүргізуге уағдаласты. Кездесуге қатысқан бес мемлекет ХХІ ғасырда жалпыға бірдей бейбітшілік пен жаңа әділетті және ұтымды халықаралық саяси экономикалық тәртіп құру қажет деп мәлімдеді. Алматы кездесуінің бір маңыздылығы шекаралас аймақтарды қоса отырып, көпжақты экономикалық ынтымақтастықты кеңейту. Сонымен қатар энергетика саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді. [5, 58-62] 1999 жылы 24-25 тамызда Бішкекте «Шанхай бестігі» мемлекет басшыларының төртінші кездесуі өтті. Кездесу барысында «Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Қырғыз Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы Келісімге» қол қойылды. Сондай-ақ «Шанхай бестігі» барлық мемлекеттер территориясы бойынша өтетін Ұлы Жібек жолын қалпына келтіру мәселесіне ерекше назар аударады. Саммиттің қорытынды құжаты бес мемлекет басшылары қол қойған «Бішкек Декларациясы» болды. Бішкек мәжілісі маңызды саяси оқиға болды. Оның қатысушылары әскери қызметтің транспаренттілігі және оны шекара алабында азайту, шекаралық мәселелерді реттеу және әскери қызмет туралы тұрақты ақпарат алмасу сияқты сенім білдіру тетіктерін әзірледі. Бішкектегі саммит Қырғызстан территориясына шетелдік бандалық құрылымдардың басып кіруімен тұстас келді. Осыған байланысты кездесуге қатысушылардың барлығы дерлік қырғыз басшылығының экстремизмге қарсы қолданылған шараларын бір ауыздан қолдайтындықтарын білдірді. Осы оқиға «Шанхай бестігі» мемлекеттерін халықаралық терроризммен және діни экстремизммен күресу саласындағы ынтымақтастықты тереңдету қажет екендігіне көңіл аударуға итермеледі. Аймақ мемлекеттерінің қауіпсіздігі үшін шынайы қауіпке айналған экстремизм және терроризммен күресу үшін ортақ бағыт жасау керек екендігі 2000 жылы 6 шілде Душанбе қаласында болған «Шанхай бестігі» бесінші саммиті айқын көрсетті. «Душанбе Декларациясында» «бестікке» қатысушылардың өз территорияларын ұлттық тәуелсіздікке, қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке нұқсан келтіретін күштерге қолдануға жол бермеу шешімділігі айқын белгіленді.[6] Бұл саммитте бақылаушы ретінде Өзбекстан президенті Ислам Каримов қатысты. Осы орайда Өзбекстан діни экстремизм және халықаралық терроризмге қарсы біріккен шаралар іздеу үрдісіне қосылды.[7] Ұйымға қатысушылар санының көбеюіне байланысты Тәжікстан президенті Э Рахмонов оны «Шанхай форумы» деп атауды көтерді. 2001 жылы 14-15 шілдеде өткен Шанхай қаласындағы саммитте «Шанхай бестігін» «түрлі саладағы көпжақты ынтымақтастықтың аймақтық құрылымына» айналдыру ұмтылысы атап көрсетілді. Осы саммитте мемлекет басшылары Өзбекстанның шанхай форумының құрамына тең құқылы мүше ретінде қабылдануы туралы «Біріккен мәлімдеме» қабылдады. Форум жұмысының нәтижесінде «Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы туралы Декларацияға» қол қою және терроризм, экстремизм, сепаратизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясының қабылдануы бірлестіктің сапалы жаңа, неғұрлым жоғары деңгейге шыққандығын бейнелейді және бұл ұйымның аймақтағы және жалпы дүниежүзіндегі беделін айтарлықтай арттырады. ШЫҰ –бұл саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы өз мүдделерінің нәтижесінде өзара қауіпсіздік және сенімділік шараларын нығайту міселесін бірігіп шешу ұмтылысынан пайда болған ұйым.

2002 жылы маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымының кезекті саммиті Ресейдің Санкт-Петербург қаласында болып өтті. Оның жұмысында ШЫҰ құрылымын орнықтыру нақты жүзеге асты. ШЫҰ-ның Секретариаты Пекинде, ал Аймақтық терроризмге қарсы құрылымның штаб пәтері Бішкекте орналасатын болды. Бұл кездесуде 3 құжатқа — ШЫҰ Хартиясына, аймақтық терроризмге қарсы құрылым жөніндегі Келісімге және ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының Декларациясына қол қойылды. [<http://e-history.kz/kz/contents/view/171>] 2004 жылдың желтоқсан айында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы Шанхай ынтымақтастық ұйымына бақылаушы мәртебесін берді, ал 2005 жылдың сәуір айында осы ұйымның АСЕАН-мен өзара қатынасы туралы меморандумға қол қойылды. [8] 2006 жылдың 15 маусымында 2007-2009 жылдарға арналған ШЫҰ-на мүше

мемлекеттердің терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрестің бағдарламасы қабылданды. [6]

Сонымен Шанхай ынтымақтастық ұйымының негізгі мақсаттары; мүше мемлекеттер арасындағы өзара сенім, достық және қайырымды көршілікті нығайту, саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, білім беру, энергетика, транспорт, экология және басқа да салаларда тиімді ынтымақтастықты дамыту; ортақ күш салу арқылы аймақтық бейбітшілікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократиялық, әділетті және тепе-тең саяси және экономикалық халықаралық тәртіпті құруға ынталандыру.[9]

Шанхай ынтымақтастық ұйымының басты міндеті – аймақтық елдер үшін басты қауіп-қатер-терроризм, экстремизм және сепаратизмнен-аймақтық қауіпсіздікпен және тұрақтылықпен қамтамасыз ету, халықтар бейбітшілігі үшін жағдай жасау. Ұйымның құрылуы, мемлекеттердің дипломатиялық жетістігі болып табылады. Шанхай ұйымы шеңберіндегі өткен кездесулер мемлекеттердің көпжақты және екіжақты дипломатиясының өсіп келе жатқан абыройына, нақты нәтижелерге қол жеткізуіне беретін көмегі зор. Шанхай ынтымақтастық ұйымы – құрамын ұлғайту арқылы кең көлемді халықаралық ынтымақтастықты қолдайтын ашық ұйым. Бүгінгі таңда ШЫҰ шеңберіндегі әріптестік қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларын(қауіпсіздік, көлік, мәдениет, төтенше жағдайлардың алдын алу, құқық қорғау қызметі және т.б.) қамтиды. Ал қауіпсіздік пен экономика саласындағы әріптестік басым бағыт ретінде қаралады. Өйткені қатысушы елдердің күннен күнге өсіп отырған сауда-экономикалық ынтымақтастық әлеуетін ескере отырып, ШЫҰ-ның жаһандық деңгейде экономикалық серпілістің кіндігі атану мүмкіндігі бар.[10] Ең бастысы ШЫҰ-ның мүшелері арасындағы сенімнің тиімді құрал болып қалуында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абатуров В. «Осеннее давление геополитики: обзор интеграционных процессов в Центральной Азии» // Экономическое обозрение. –Т: 2005ж. №1 37-41б
2. Frederic Starr. The United States. Afghanistan and Central Asia. //www.eurasia.nias.ku.dk
3. Касенов У.Т. «Безопасность Центральной Азии» Алматы, 1998ж. 161-180б
4. Гусейнова М.А. «Новое тенденции в политике США в Центральной Азии и Закавказье»//США, Канада 2003ж7 №8
5. Нарысов С. Нурышев Ш. «Тату көршілік» Астана-Пекин 2001ж. 58-62б.
6. Әріптестік //Егеменді Қазақстан 2005ж. 6 шілде
7. Bates Gill, Shanghai Five: An Attempt to Counter US Influence in Asia, Newsweek Korea. May 2001
8. Иванов А. «ШОС и другие международные организации». //В интересах мира, стабильности и благополучия народов. М. 2004ж. 25-29б.
9. «Қазақстан 2030» стратегиясы. Алматы 1997ж.
10. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы // <http://kk.wikipedia.org/wiki>

УДК 327.00.327.3.

СОТРУДНИЧЕСТВО ГОСУДАРСТВ-ЧЛЕНОВ ОДКБ В ПРОТИВОДЕЙСТВИИ «НОВЫМ» ВЫЗОВАМ И УГРОЗАМ БЕЗОПАСНОСТИ

Женисова Жанель Муратовна

Магистрант факультета международных отношений
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Алиева С.К.

Проблемы безопасности в современном мире приобрели принципиально новые черты. Нынешняя жизнь характеризуется втягиванием всего человечества в мировые процессы, чей